

ӘОЖ 349.6(075.8)

М.Н. Хасенова

Қазақстан-америкалық еркін университеті,
докторант, Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.
E-mail: khassenovamulya@mail.ru

Су құқығы жүйесі және су заңнамасы жүйесі арақатынасының кейбір мәселелері

Құқық жүйесі мен заңнама жүйесінің арақатынасының мәселесі ұзақ уақыт бойы заң ғылымында өзекті және пікір-таласқа толы болып келеді. Құқық жүйесі мен оның сыртқы нормативтік-құқықтық актілерде бекітілуінің арасындағы арақатынасты дұрыс бекіту теориялық және тәжірибелік міндет болып табылады.

Түйін сөздер: су құқығы жүйесі, су заңнамасы жүйесі, су заңнамасы, су құқығы.

M.N. Khassenova

Some problems of correlation the water law system and the water legislation system

For a long time question of the correlation the law system and the legislation system is a relevant and controversial in legal science. Establishing the right balance between the law and its external fixation system of regulations – that the theoretical and practical problem.

Keywords: water law system, water legislation system, water legislation, water law.

М.Н. Хасенова

Некоторые проблемы соотношения системы водного права и системы водного законодательства

В статье рассматривается проблема соотношения системы водного права и системы водного законодательства. Дается понятие системе водного права и системе водного законодательства. Рассмотрены этапы развития водного права и водного законодательства. Из анализа соотношения систем водного права и водного законодательства сделан вывод о том, что оптимальным вариантом такого соотношения является соответствие их институтов.

Ключевые слова: система водного права, система водного законодательства, вода, водное право.

Құқық жүйесі және заңнама жүйесі арақатынасының мәселесі ұзақ уақыт бойы заң ғылымында өзекті және пікірталасқа толы болып келеді. Дәстүрлі түрде құқық жүйесі мен заңнама жүйесінің арақатынасы туралы мәселе қойылады. Соңғысының кең немесе тар мағынада қарастырылуына байланысты бірнеше анықтамасы бар. Тар мағынада – бұл заңдар жүйесі, ал кең мағынада – заңдар және заңға тәуелді нормативтік актілер жүйесі. Екі жағдайда да басқа құқық қайнар көздеріндегі құқықтық

нормалардың үлкен бөлігі қарастырылмаған. Мысалы, нормативтік шарттар, құқықтық әдеттер, сот прецеденті. Өкінішке орай, мұндай көзқарас кең таралған болып келеді.

Қазақстандық құқықтық жүйе құқықтың басты қайнар көзі ретінде нормативтік-құқықтық акт болып табылатын романо-германдық құқықтық жүйеге жатады. Сондықтан «құқық қайнар көздерінің жүйесі» ұғымы «заңнама жүйесі» ұғымымен алмастырылды, ал құқық қайнар көздерінің мәселелері – құқық

жүйесінің және заңнама жүйесінің арақатынасы мәселесімен алмастырылды.

«Құқық қайнар көзі» ұғымының өзі көпмағыналы, оның түсінігінде қоғам өмірінің материалдық жағдайлары да, нормалардың заңи міндеттелігінің негіздері де, құқықты оқитудың қайнар көздері де жатыр. Зерттеліп отырған бағытта құқықтың қайнар көзі құқықтың нысанын білдіреді. Әрине, идеалды түрде құқық нормасы нормативтік-құқықтық актілерде бекітілуі керек, бірақ құқықтық норманың туындауы, өзгеруі және рәсімделуі өзіне тән табиғи заңдылықтарға бағынады. Бізге белгілі, мемлекет нормативтік-құқықтық актілерді шығару арқылы құқық шығармашылық процесін аяқтайды. Бірақ бізге құқық қайнар көздерінің түрлерін атап өту ғана емес, сонымен қатар олардың иерархиясын құру маңызды, өйткені құқық нормасының қозғалысы қарапайым қайнар көздерден жетілдендірілгендерге дейін жүзеге асырылады. Біздің ойымызша, құқық жүйесінің заңнама жүйесіне толығымен сәйкес келу жағдайының болуы мүмкін емес, өйткені құқықтық нормалардың генезисінің объективті сатылары бар. Сонымен қатар құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастардың өзгеруі нәтижесінде құқықтың да өзгеруіне әкеп соғады, яғни құқық нормаларының туындауының, өзгеруінің, жойылуының ішкі процестері жүйеде шексіз болып келеді және жүйенің тіршілік етуінің және дамуының бір жағдайы болып табылады.

Су құқығы жүйесі және су заңнамасы жүйесі арақатынасын анықтау құқық жүйесі мен заңнама жүйесінің арақатынасының жалпы теориялық мәселесін шешпей мүмкін емес.

Жалпы теориялық көзқарасы жағынан ғылымда жалпы алғанда құқық жүйесі мен заңнама жүйесінің арақатынасын зерттеудің жолдары бар. Мысалы, қазіргі күнде екі жүйенің де болуы, олардың өзара ұқсастықтарының және айырмашылықтарының болуы даусыз болып келеді. Құқықтық нормалар және олардың өзара байланысты институттар мен салалардағы бірлігі әрекет етуші заңнамамен, сонымен қатар кодификацияланған актілермен де толығымен сәйкес келмейді. Құқық және заңнама жүйелерінің мұндай сәйкес келмеуі біріншісінің негізінде құқықтық нормалардың жүйесінің жатуы, ал екіншісінде нормативтік-құқықтық актілердің жатуы түсіндіріледі. Бұл жағдайда құқық жүйесі мазмұнның құрылымы ретінде

бастапқы, ал заңнама оның нысаны ретінде екінші болып келеді. Бірінші жүйе кодификациялаусыз немесе нормативтік материалды жинақтаусыз құрылады, өйткені құқықтық нормалардың актілерге орналасқанына қарамастан олардың саласы өзгермейді. Құқық жүйесі заңнама кодификацияланбаған жерде тіршілік етеді, ал құқық саласы – кодекстер жоқ жерде. А.В. Мицкевичтің айтуы бойынша, ешқандай кодификация, құқық жүйесімен сәйкестендірілсе де толығымен бұл жүйені қамти алмайды [1, 191]. Бірақ құқық жүйесі, яғни оны құрушы нормалар оларды бекітетін нормативтік актілерден ерте пайда болады деген тұжырымдар дұрыс болмас. Құқық жүйесі мемлекеттің заңшығарушылық қызметі нәтижесінде қалыптасады және белгілі бір заңнама жүйесі шегінде тіршілік етеді. Бұл жерде заңнама жүйесі құқық жүйесіне қатысты бірінші болып келеді.

Құқық жүйесі мен заңнама жүйесінің сәйкес келмейтіндігін айта отырып, көптеген ғалымдар олардың тығыз арақатынасын және өзара байланысын, зерттеліп отырған жүйелердің ортақтығын дұрыс атап өткен. Шынында, бір жағынан, құқық нормасы өзінің құқықтық ресімдеуінсіз, яғни заңнамадан тыс тіршілік ете алмайды. Басқа жағынан, құқықтық акт заңнама жүйесіне жатқызылады, өйткені ол құқықтық нормадан тұрады, яғни құқық нысаны өзінің мазмұнынан бөлек бола алмайды. Бұдан басқа актінің нысанының өзі бірқатар жағдайларда оның құрамдас нормаларының ерекшеліктеріне негізделген. Сонымен, жүйелердің басты сипаты олардың мазмұны, қоғамдық қатынастарды реттеу сипаты болып табылады. Сондықтан көп жағдайларда жинақталған құқықтық нормалардың пәні ретінде құқық саласы сол белгілер бойынша қалыптасқан заңнама жүйесіне сәйкес келеді. Құқық жүйесі мен заңнама жүйесі соншалықты тығыз байланыста, оларды тек қана бірге қарастыру керек.

Құқық жүйесі мен оның сыртқы нормативтік-құқықтық актілерде бекітілуінің арасындағы арақатынасты дұрыс бекіту бұл теориялық және тәжірибелік міндет болып табылады. Оны тиісінше шешу актілердің қолжетімділігіне, олардың дұрыс қолданылуына, заңдылықтың нығаюына және қоғамды басқарудағы реттеушіліктің және тәртіптің жетілдірілуіне септігін тигізеді [2, 110-113].

Қазақстан Республикасының су құқығы – біздің құқықтық жүйеміздің бөлінбес құрамдас бөлігі ретінде жаңа ұлттық мемлекеттілігіміздің құрылуы және дамуымен бірге ол туындап, дамып, нығая түсті [3].

Қазақстан Республикасының су құқығы өзінің дамуында үш басты кезеңнен өтті. Бірінші кезең, Ұлы Қазан революциясы мен Кеңес билігінің орнауынан бастап социализмнің жеңісіне, Қазақ АКСР-нің кеңестік республикаға өзгеруі мен Қазақ КСР Конституциясының қабылдауына дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл кезең Қазақ КСР су құқығының туындауы мен құрылу кезеңі болып табылады.

Екінші кезең социализмнің жеңісі, Қазақ АКСР-нің кеңестік республикаға өзгеруінен бастап КСРО құлдыруына дейінгі кезеңді қамтиды.

Үшінші кезең Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанынан бастап біздің күндерге дейінгі кезеңді қамтиды.

Бірінші кезеңде Қазақстандағы су қатынастары республиканың және КСРО, сонымен қатар РКФСР және Түркістан АКСР сәйкес құзыретті органдарымен қабылданған су-құқықтық актілермен реттелген. Бұл келесідей түсіндіріледі, Қазақ КСР Ресей Федерациясының, ал оның бірқатар облыстары (1924 жылға дейін) Түркістан КСР құрамында болды.

Екінші кезеңде Қазақ КСР су құқығы мықты заңи базаны иемденген еді. Ол 1937 жылғы Қазақ КСР Конституциясы негізінде дамып, жетілдіріле бастайды. Бұл кезеңде Қазақ КСР су құқығы кеңестік социалистік құқықтың басқа да салаларынан бөлектене бастайды. Су қатынастарының барлық салаларына өзінің ықпалын кеңейте, тереңдете отырып, ол жеке құқық саласы болды. Осының нәтижесінде республикалық су заңнамасының кодификациясы мәселесі туындап, сәтті шешіледі [4, 175-177].

Үшінші кезеңде су құқығы Қазақстанның тәуелсіздік алуынан кейінгі жаңа нарықтық кезеңде дамуын қамтиды.

Алғашқы Қазақ КСР Су кодексі 1972 жылы қабылданды: сөзсіз, ол қазақстандық су құқығының үлкен прогресін бейнелейді. Оның мазмұнында барлығы дерлік сол заманның кезеңіне жаңа болды. «Су объектісі» түсінігі және «су» заңи категориясы, су пайдалану түрлері және су объектілерін пайдалануға беру тәртібі, шаруашылық ауыз су су пайдаланудың

басымдығы және суды ластаудан, қоқыстанудан, сарқылудан жан-жақты қорғау. 1972 жылғы Су кодексінің негізінде қалыптасқан су құқықтық қатынастарының жүйесі Қазақ КСР жалпы экологиялық құқықтық қатынастар жүйесінің құрамына енгізілді және дұрыс қызметін атқарды [5, 4].

1991 жылы экологиялық және су заңнамасы Кеңес Одағының заңнамасы негізінде құрылған. Су ресурстарын ластаудан, қоқыстанудан, сарқылудан қорғау бойынша нысаналы мемлекеттік декларациялар КСРО және Қазақ КСР су заңнамасының негіздерінің қабылдануымен пайда болды. Сол уақытта 1972 жылғы Қазақ КСР Су кодексі әрекет етті [6]. Қазақ КСР Су кодексінің 4-бабында жалпы халықтық игілік ретінде суға айрықша мемлекеттік меншік бекітілді, ал 32-бабында су объектілерін тұрғындардың қажеттіліктеріне беру басымдығы бекітілді [7, 44].

Қазақстан Республикасының су қатынастары саласында заңнама базасы ретінде 1993 жылғы Су кодексі болды [8]. 1993 жылғы Су кодексінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары бойынша комитетінің құзыреттері қарастырылған [7, 45].

1993 жылғы Су кодексінің қабылданған уақыттан бастап мемлекетте экономикалық, экологиялық, құқықтық және әлеуметтік қатынастарды реттейтін негізгі заңнамалық актілер қабылданды, оларға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы және ерекше бөлімдер) [9], Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының кодексі [10], Қазақстан Республикасының Салық кодексі [11], «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңы [12] және т.б.

Жоғарыда аталған өзгерістерден кейін Су кодексі жаңа редакцияда жасалды. Жасау барысында Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Ресей, Франция секілді мемлекеттердің құқықтық актілері және су құқығының халықаралық нормалары талданды.

2003 жылдың 9 шілдесінде қабылданған Қазақстан Республикасының Су кодексі нарық жағдайларында су қатынастарының жаңа даму кезеңін сипаттайды [13]. Су кодексінің қабылдануы қазіргі уақытта мемлекеттің су шаруашылығында қалыптасқан жағдай мен

сол саладағы ескірген заңнама арасындағы қайшылықтарды шешуге мүмкіндік берді.

Бірақ Су кодексінде алдыңғы кодекстің негізін салушы қағидалар сақталған. Атап өтетіні, су қоры, яғни барлық су объектілері және оларда орналасқан сулар мемлекеттің Конституциясында көрсетілгендей айрықша мемлекеттік меншікте. Олар: өзендер; теңестірілген каналдар; көлдер; мұздықтар; жер асты сулары; Каспий және арал теңіздерінің территориялық сулары.

Сонымен қатар Су кодексінде су қорын басқарудың бассейндік қағидасы сақталған, бірақ бассейндік су шаруашылық басқармаларының құқықтары мен өкілеттіктері күшейтілген.

Гидромелиоративтік жүйелерді басқаруды жетілдіру мақсатында 2003 жылдың 8 сәуірінде «Су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі туралы» Қазақстан Республикасының заңы қабылданды [14].

Су қатынастары, сонымен қатар 2004 жылы қабылданған «Ішкі су көлігі туралы» Қазақстан Республикасының заңымен [15] реттеледі. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына [16] сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі 2012 жылдың 7 наурызында «Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салуды енгізу, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы» № 303 қаулысын [17] қабылдады. Сондықтан қазіргі уақытта оларды талқылау мен қолдануды жаңа Қазақстан Республикасының Су кодексі ережелерімен сәйкестендіру керек. Сонымен, су заңнамасының жаңаруы өзімен шектес су биоресурстары бойынша заңнамасының өзгеруіне себепші болды.

Ең бастысы, жаңа заңнаманы талдау және оның дамуының динамикасы су құқығының қайнар көзі ретінде Қазақстан Республикасының Су кодексі ғана емес екендігіне көз жеткіземіз. Су заңнамасы Қазақстан Республикасының Су кодексі шеңберінен шығып кеткен және қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Су кодексінің ережелерін дамытатын және қазақстандық заңнама жүйесінде жеке орын алады.

2003 жылғы Қазақстан Республикасының Су кодексі және соның негізінде қабылданған заңдар тәжірибе қажеттіліктері үшін су құқығы

жүйесінің жекелеген бөліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл үшін құқық жүйесінің жалпы мәселелері бойынша теорияшылдардың зерттеу нәтижелерін және ұғымдар аппаратын тарту қажет.

Мемлекет және құқық теориясында құқық жүйесіндегі салаларды бөлудің және құқық саласы шегіндегі құқықтық категорияларды бөліп шығару белгілері анықталған [2, 116].

1993 жылғы Қазақстан Республикасының Су кодексінде де, 2003 жылғы Қазақстан Республикасының Су кодексінде де «су қатынастары» ұғымы қолданылады. Жаңа Су кодексінің баптарында су қаныстарының анықтамасы берілмеген. Бірақ Су кодексіндегі терминдік аппаратқа сүйене отырып, су қатынастарын су объектілерін зерттеу, пайдалану, қорғау және қалпына келтіру саласындағы қатынастар деп анықтауға болады.

Заң ғылымында су заңнамасымен реттелетін қатынастарды су құқықтық қатынастар деп атайды және жер, тау-кен, орман, жануарлар дүниесі қатынастарымен салыстырылады [18, 10].

Су құқығында бұл қатынастар су қорын пайдалану және қорғау саласында, су қорын және су шаруашылық жүйелерді басқару саласында, сумен қамтамасыз ету саласында, гидромелиоративті жұмыстар және су шаруашылық жүйелердің және құрылғыларының қауіпсіздігі бойынша жұмыстарды жүргізу саласында және т.б. су қатынастары саласында қалыптасады.

Бұл кең қоғамдық қатынастардың жиынтығында өзінің көлемі жағынан шағын топтар бөлініп шығады, олар сәйкес құқық саласының институттарының құқықтық реттеу пәні ретінде қарастырылады. Құқық институтының жалпы теориялық зерттеулері құқық институтының келесідей белгілерін көрсетеді: біріншіден, өзінің окшау реттеу пәні бар жеке әрекет етуші құқықтық құрылым; екіншіден, жүйенің басқа да элементтерімен өзара әрекет ете алады; үшіншіден құқық институтының негізгі белгісінің бірі, оның ішкі реттілігі және бөлінбейтіндігі. Бұл дегеніміз құқық институтын құрушы нормалар тек қана бір қоғамдық қатынастарды реттей алады. Бұл құқықтық категорияның мұндай ерекшелігі жекелеген норманы емес, институтты кез келген құқықтық жүйенің негізгі элементі ретінде санауға мүмкіндік береді [2, 116-117].

Қазіргі жағдайда су құқығының ауқымды құрамдас бөліктері ретінде су құқығының түсінігін, қағидаларын, қайнар көздерін және су қатынастарын, су ресурстарына меншік құқығын, су пайдалану құқығын, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік реттеуді, су пайдаланудың ұйымдастырушылық-құқықтық механизмін, су даулары мен Қазақстан Республикасының су заңнамасын бұзған үшін жауапкершілікті, сонымен қатар су объектілерін және су шаруашылық құрылғыларды әртүрлі нысаналы пайдалануды бекітетін нормалар аталған. Бұл нормалар ғылыми және оқу әдебиеттерінде су құқығының институттары ретінде анықталған.

Бірақ қоғам және болып жатқан процестер бір орында тұрмайды. Қоғамдық қатынастардың құрылған және тұрақты топтары үнемі қозғалыста және дамуда болады. Қоғамның дамуы нәтижесінде заңнама да жетілдіріледі. Белгілі бір уақытта қажет болған заңи норма, уақыт өте келе ескіріп, дамушы күштің орнына тежеуіш болуы мүмкін.

Құқықтық институт шеңберінде құқықтық реттеу объектісі және оған сәйкес құқықтық нормалар статикалық жағдайда болуы мүмкін емес. Олардың дамуының динамикасы құқық

институттарының кеңеюіне емес, олардан жаңа институттардың бөлінуіне әкеледі. Бұл процесс барлық құқық салаларына заңды [2, 117-118].

Су-құқықтық нормалары бар және оларға сәйкес құқықтық рәсімдеу беретін заңнама жүйесін қарастырайық. Қазіргі кезде қалыптасқан су заңнамасының жүйесі – бұл тармақталған құқықтық құрылым. Оның ерекшелігі, ол заң нысаны бар нормативтік-құқықтық актілерден тұрады. Бұл актілер сан алуан. Бірақ олар кездейсоқ жиынтық емес, институттарға біріккен нормативтік актілердің бірыңғай жиынтығы.

Су құқығына келетін болсақ, айта кететіні, бұл жерде құқық жүйесі мен заңнама жүйесінің арақатынасының қағидалары ерекше әрекеттеседі. Ең алдымен, су құқығының жүйесі атауы заңнама саласына сәйкес келеді.

Су құқығы жүйесі мен су заңнамасы жүйесінің арақатынасын талдаудан келесідей қорытынды жасауға болады: мұндай арақатынастың ең тиімдісі олардың институттарының сәйкестігі. Бұл дегеніміз су құқығының әрбір институты су заңнамасы институтында көрініс табу керек. Бұл жерде теориялық проблеманың тәжірибелік мәні көрініп тұр.

Әдебиеттер

- 1 Мицкевич А. В. Правотворчество в СССР. – М.: Юридическая литература, 1974. – 313 с.
- 2 Лукьянова Е. А. Закон как источник советского государственного права. – М.: Издательство МГУ, 1988. – 152 с.
- 3 Мукашева А. А. Становление развитие водного права Республики Казахстан // Государство и право. – 2008. – №2 (39).
- 4 Байсалов С. Б. Водное право Казахской ССР. – Алма-Ата, 1966. – 396 с.
- 5 Боголюбов С. А. Комментарий к Водному кодексу Российской Федерации. – М.: Юстицинформ, 1997. – 36 с.
- 6 КазССР. Водный кодекс от 27 декабря 1972 года. – Алма-Ата: Кайнар, 1973. – 180 с.
- 7 Мукашева А. А. Теоретические и методологические проблемы водного права Республики Казахстан в современных условиях: дис. док. юрид. наук. – Астана, 2010. – 295 с.
- 8 Водный кодекс Республики Казахстан от 31 марта 1993 года №2061- XII // <http://adilet.zan.kz>
- 9 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы және ерекше бөлімдер) // <http://adilet.zan.kz>
- 10 Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы №155 Кодексі // <http://adilet.zan.kz>
- 11 Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы №99-IV кодексі // <http://adilet.zan.kz>
- 12 Қоршаған ортаны қорғау туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі №160 заңы. // <http://adilet.zan.kz>

- 13 Қазақстан Республикасының Су кодексі 9 шілде 2003 жыл // <http://adilet.zan.kz>
- 14 Су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі туралы Қазақстан Республикасының 2003 жыл 8 сәуірдегі заңы // <http://adilet.zan.kz>
- 15 Ішкі су көлігі туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі заңы // <http://adilet.zan.kz>
- 16 Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі заңы // <http://adilet.zan.kz>
- 17 Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеу мен тыйым салуды енгізу, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі 2012 жылғы 7 наурыздағы № 303 қаулысы // <http://adilet.zan.kz>
- 18 Сиваков Д.О. Водное право: учебно-практическое пособие. – М.: Юстицинформ, 2007. – 264 с.

References

- 1 Mickevich A.V. Pravotvorchestvo v SSSR. – М.: Yuridicheskaya literatura, 1974. – 313 s.
- 2 Lukyanova E.A. Zakon kak istochnik sovetskogo gosudarstvennogo prava. – Moskva: Izdatelstvo MGU, 1988. – 152 s.
- 3 Mukasheva A.A. Stanovlenie razvitie vodnogo prava Respubliki Kazakhstan // Gosudarstvo i pravo. – 2008. – №2 (39).
- 4 Bajsalov S.B. Vodnoe pravo Kazakhskoj SSR. – Alma-Ata, 1966. – 396 s.
- 5 Bogolyubov S.A. Kommentarij k Vodnomu kodeksu Rossijskoo Federacii. – М., Yusticininform, 1997. – 36 s.
- 6 Vodnyj kodeks KazSSR ot 27 dekabrya 1972 goda. – Alma-Ata: Kajnar, 1973. – 180 s.
- 7 Mukasheva A.A. Teoreticheskie i metodologicheskie problem vodnogo prava Respubliki Kazakhstan v sovremennyh usloviyah: Dis. dok. yurid. nauk. – Astana, 2010. – 295 s.
- 8 Vodnyj kodeks Respubliki Kazakhstan ot 31 marta 1993 goda №2061- XII // <http://adilet.zan.kz>
- 9 Kazakstan Respublikasynyn Azamattyk kodeksi (zhalpy zhane erekshe bolimder) // <http://adilet.zan.kz>
- 10 Akimshilik kukyk byzushylyktar turaly Kazakstan Respublikasynyn 2001 zhylygy 30 kantardagy N 155 Kodeksi // <http://adilet.zan.kz>
- 11 Salyk zhane byudzhette tolenetin baska da mindetti tolemder turaly (Salyk kodeksi) Kazakstan Respublikasynyn 2008 zhylygy 10 zheltoksandagy N 99-IV Kodeksi // <http://adilet.zan.kz>
- 12 Korshagan ortany korgau turaly Kazakstan Respublikasynyn 1997 zhylygy 15 shildedegi N 160 Zany. // <http://adilet.zan.kz>
- 13 Kazakstan Respublikasynyn Su kodeksi 9 shilde2003 zhyl // <http://adilet.zan.kz>
- 14 Su pajdalanushylardyn selolyk tutynu kooperativy turaly Kazakstan Respublikasynyn 2003 zhyl 8 sauirdegi Zany // <http://adilet.zan.kz>
- 15 Ishki su koligi turaly Kazakstan Respublikasynyn 2004 zhylygy 6 shildedegi Zany // <http://adilet.zan.kz>
- 16 Zhanuarlar dunisin korgau, osimin molaitu zhane pajdalanu turaly Kazakstan Respublikasynyn 2004 zhylygy 9 shildedegi Zany // <http://adilet.zan.kz>
- 17 Balyk resurstary men baska das u zhanuarlaryn, olardyn bolikteri men derivattaryn pajdalanuga shekteu men tyjym saludy engizu, olardy pajdalanu oryndary men merzimderin belgileu turaly Kazakstan Respublikasynyn Ukimeti 2012 zhylygy 7 nauryzdagy № 303 Kaulysy // <http://adilet.zan.kz>
- 18 Sivakov D.O. Vodnoe pravo: uchebno-prakticheskoe posobie. – М.: Yusticininform, 2007. – 264 s.